

Авиация техникасын алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 23 қазандағы N 1378

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы Шартты және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағынан Ресей Федерациясының аумағына әкетілген қару-жарак пен авиациялық техника үшін өтем туралы 1995 жылғы 24 маусымдағы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің құрамынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамына 1995 жылдың соңына дейін 21 МиГ-29 ұшағын, 14 Су-25 ұшағын, 4 Су-27 ұшағын, 4 Су-27УБ ұшағын, 1996 жылдың қаңтар - желтоқсанында 14 Су-27 ұшағын, 4 Су-27УБ ұшағын және 1997 жылдың қаңтар - шілдесінде 12 Су-27 ұшағын алуға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі

авиация техникасын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға лицензиялар берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті кедендік құжаттарды ресімдеуді авиация техникасын әкелуге кеден бажын алмай ресімдейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі